Исх. № 14-3/65-И от 15.09.2022, Вход № 16012 от 16.09.2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

_____№_____

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № жазбаны көрсетуіңіз керек.
Бланк без сенийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Облыстардың,
Нұр-Сұлтан, Алматы,
Шымкент қалаларының
білім басқармалары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтарын жинақтау бойынша Министрлікке ата-аналардан түскен өтініштердің жиілеуіне байланысты өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес балалар туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі отбасында, 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда, сондай-ақ 5 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиеленеді.

Стандарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы жасын ескере отырып жинақталады (1 жастағы балалар – ерте жас тобы, 2 жастағы балалар - кіші топ, 3 жастағы балалар – ортаңғы топ, 4 жастағы балалар - ересек топ, 5 жастағы балалар – мектепалды топ/мектепалды сынып).

Стандартта үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру 5 жыл, бір жас тобында 1 жыл мерзімімен айқындалған.

2021-2022 оқу жылында жас топтарын жинақтауда қолданыстағы Стандарт (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) талаптарына сәйкес балалардың 1 қыркүйектегі толық жасы ескерілді және тәрбиеленушілер оқу жылында белгілі жас тобына тиісті бағдарламаның мазмұнын игерді.

Стандартта айқындалған бағдарламаны игеру мерзімін (5 жыл) ескере отырып, биылғы жаңа оқу жылында ерте жас тобының бағдарламасын меңгерген балалар кіші топқа, кіші топ ортаңғы топқа, ортаңғы топ ересек топқа өтеді,

Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, IIN770813400654, РАИНБЕКОВНА

ересек топтан мектепалды топқа ауысып, мектепалды даярлық бағдарламасының мазмұнын меңгереді.

№ 348 бұйрықпен бекітілген мемлекеттік білім беру стандартының талаптары балабақшалар мен шағын орталықтарға жаңадан келген балаларға қолданылады.

Күнтізбелік жылдың соңына дейін 6 жасқа толатын балалар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының негізінде мектепте оқуға қабылданады.

Орта білім беру комитетінің
төрағасы **Г. Кәрімова**

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

М. Андыбаева
8 (7172) 74 20 65

Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, IIN770813400654, РАИНБЕКОВНА

Подпись канцелярии
15.09.2022 12:17 МАРДАНОВА ЖАНАР

Подпись руководителя
15.09.2022 12:14 КАРИМОВА ГУЛЬМИРА

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 16012 от 16.09.2022 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

[redacted]